

☞“Өнерлі ұрпақ- кемел болашақ” атты эстетикалық пәндер бірлестігінің ашылуы өткізілді. 29.01.2023-02.02.2023 аралығында өтетін апталыққа белсенді қатысуға шақырамыз!



☞“Өнерлі ұрпақ- кемел болашақ” атты эстетика бірлестігінің апталығы аясында және Құрманғазы Сағырбайұлынның 200 жылдығына орай мектебімізде “ Күй атасы-Құрманғазы” атты әдеби -сазды кеш өтті. Кештің мақсаты өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту.Кеште мектеп білім алушыларының домбырашылардан құрылған ансамблінің орындауында “Балбырауын” күйі орындалып кештің шымылдығын ашты. Кеш қонақтары Ақтөбе гуманитарлық колледжі музыка бөлімінің мұғалімі Қарабаева Айгүл Бақытбековна және Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық колледжінің мұғалімі Құрманғазы Жайлау ұлы қатысты. Айгул Бақытбековна күй өнері, Құрманғазының өмірбаяны туралы құнды тың мәліметтер берді. Білімалушылар зор ынтамен тыңдап көптеген Құрманғазының күйлері жөнінде насихат алды. Құрманғазы Жайлау ұлы Құрманғазының күйлерін орындады. Мектеп білім алушылар Құрманғазының Сарыарқа, Серпер, Адай күйін ансамбль болып орындады. Мектеп кітапханашысы Мадина Әбілғазықызы “Күй атасы-Құрманғазы” атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Көрмедегі Құрманғазы тану кітабы және Ахмет Жұбановтың , Ақселеу Сейдембековтың Құрманғазы туралы жазылған деректерін ұсынды. Кеш соңында келген қонақтарға рақмет айтып ілтипат көрсетілді.

☞Біртұтас тәрбие бағдарламасы

☞Ұлттық мұраға құрметпен қарау құндылығы



Эстетикалық пәндер бірлестігінің “Өнерлі ұрпақ - кемел болашақ” атты апталығы аясында 2024 жылдың 30-қаңтарында “Қалдық материалдардан ұстағыш жасау” тақырыбында 7 “Ә” сыныбына шебер-класс сағаты өтті. Мақсаты: Көркем еңбек сабағында қыздардың білімін қызығушылығын арттыру, жан-жақты ойлау қабілеттері мен ой ұшқырлығын қалыптастыру, қоршаған ортаны, табиғатты аялауға тәрбиелеу, өз бетімен еңбектенуге үйрету. Пән мұғалімдері: Еркінқызы Э. , Сағымбаева Ж.Қ.



1.02.2023 күні “Өнерлі ұрпақ-кемел болашақ ” атты эстетикалық пәндер бірлестігі аясында . “Нейрографика” арт - терапия сабағы болды.Сабақты көркем еңбек пәні мұғалімдері Медетова Айгуль Мұстафақызы және Сағымбаева Жадыра Қуандық қызы өткізді. Сабақтың мақсаты балаларды сурет өнеріне деген қызығушылығын арттыру. Сабақтың басында мектеп психолога Космагамбетова Ботагоз Айтпаевна психологиялық тренинг жасап оқушылардың көңіл күйін көтерді. Сабақ барысында балалар нейрографика техникасын меңгеріп жұмыстанды.



“Директормен ыстық кофе” жобасы аясында “Өзіңіз идеал болмасаңыз, өзгеден оны күтпеңіз...” мектеп педагогтарымен жүздесу. Мақсаты: Өз өзін бағалау дағдыларын дамытуды жалғастыру және мақсатқа жетелеуге көмектесу.



Эстетикалық пәндер бірлестігінің “Өнерлі ұрпақ - кемел болашақ” атты апталығы аясында 31.01.24 күні 3 “А” сыныбында “Музыка және қозғалыс” тақырыбында музыка пәнінен ашық сабақ өтті.

Мақсаты: Шығармалардың жанры мен стилін анықтайды;

музыкамен би қимылының үйлесімділігін зерттейді;

музыкалық шығармашылық жұмыстар жасайды

Сабақта - Оқушыларға би өнері туралы мәліметтер берілді. Топқа бөлініп постер арқылы жұмыс жасады. Би қимылдарын орындады. Сергіту сәті мен “Қамажай” әні орындалды.

Пән мұғалімі: Әлімжанұлы С



Эстетикалық пәндер бірлестігінің “Өнерлі ұрпақ - кемел болашақ” атты апталығы аясында 30.01.24 күні 6 “ә” сыныбында “Музыка және театр” тақырыбында музыка пәнінен ашық сабақ өтті.

Мақсаты: Театр түрлерін салыстыру. Өнердің түрлері мен стилі және жанрларын анықтау;

Қазақ театр түрлерімен танысу; Ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану.

Сабақта - “Кестелі орамал” әні орындалды. Оқушылар топқа бөлініп, тапсырмалар орындады. Әлемдік театрлар мен Қазақ театры “Ортеке” туралы мәліметтер көрсетілді.

Пән мұғалімі: Балмұханова Б.Т



Эстетикалық пәндер бірлестігінің “Өнерлі ұрпақ - кемел болашақ” атты апталығы аясында 31.01.24 күні 2”ә” сыныбында “Пайдалы тағам- денсаулық кепіл” тақырыбында музыка пәнінен ашық сабақ өтті.

Мақсаты: Пайдалы тағам түрлерімен танысу ;

“Ақ дастархан” әнін үйрену;

музыкалық шығармашылық жұмыстар жасайды

Сабақта - Оқушыларға тағам түрлері туралы мәліметтер берілді. Топқа бөлініп постер арқылы жұмыс жасады. Дауыс жаттығулары жасалды. Сергіту сәтінде “Мені қайтала” физминуткасы жасалынды. Балалардың пәнге деген қызығушылығы өте жоғары болғандықтан сабақ өте жоғары деңгейде өтті.

Пән мұғалімі: Тельман Досжан



Эстетикалық пәндер бірлестігінің “Өнерлі ұрпақ - кемел болашақ” атты апталығы аясында 02.02.24ж. Мектебімізде “Екі жұлдыз ” ән байқауы өтті. Бұл шараның мақсаты халық әндерін насихаттау және сахна мәдениетін қалыптастыру. Әндер жанды дауыста айтылды.

Байқауға мектеп мұғалімдері мен оқушылар қатысып өте қызықты шара болды. Байқау шарты бойынша қатысушылар халық әні және хит әнін орындады. Байқау нәтижесінде бас жүлдені мектебіміздің ағылшын тілі мұғалімдері Бақытжанова Сағыныш Жолдасқызы және жас маман Аманбекқызы Сағыныш жеңіп алды.

